

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мархаба Сәлімгерейқызы АУҒАНБАЕВА,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
E-mail: marhaba75@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15257045>

Абай шығармаларының тілінің қалыптасуына халықтың ауызекі әдебиетінің әсері мол болды. Ақын ғасырлар бойы қалыптасып іріктелген сөз байлығын, эпитет, теңеу афоризмдерді кеңінен пайдаланды. Абай тілін жалпыхалықтық тілден бөліп алуға болмайды. Абай шығармашылығының құндылығы мен үлкен маңызы оның халық ауыз әдебиеті мен ауызекі сөйлеу тілінің бай мүмкіншіліктерін пайдаланып қана қоймай, оны әдеби тіл деңгейіне жеткізуінде. Абай тілі – қазақ халқының ұлттық тілінің ажырамас бір бөлігі. Қазақ әдеби тілі тарихында Абайдың орны өзгеше тұрады, өйткені ол өзінен бұрын қалыптасқан ескі «әдеби» дәстүрді, тіл шұбарлықты бұзып-жарып, тілді жаңа сапалы деңгейге көтерді.

Абай өлеңдерінде қазақ әдеби тіліне тән емес лексикалық, фонетикалық және грамматикалық ауытқулар бар, яғни шағатай, татар тілдерінің кітаби формаларымен шұбарланған.

Ақын шығармашылығына тәжік, азербайжан, өзбек классик әдебиетінің өкілдері Фирдоуси, Физули, Низами, Науаи т.б. әсер етті. Мұны біз оның жас кезінде жазған айырымның өлеңдерінен байқаймыз. Мысалы: «Иузи раушан, көзі – гауһар» «Әлиф-би» және басқалары.

Мүбеде олса ол бір көз,
 Тамаша қалса иузмайұз,
 Кетіп қуат, йумылып кез,

Бойың сал-сал бола ниге? /9/ - деген шумақта өзбек халқының ұлы ақыны Ә. Науаидің әсер-ықпалын байқау қиын емес.

Реформатор-ғалым А. Байтұрсынұлы Абай шығармашылығы жайында былай дейді: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі» [1, 298]. Ал Қ. Жұбанов: «Абайдың әдебиет, мәдениет істеріне қолы тиіп кетсе, ол тек сипап, сүртіп, шаңын кетіріп



шықпайды, өзінше бұзып, өзінше түзеп, өз қолының ізін қалдырады. Өлеңнің ырғағы да, ұйқасы да, буыны да, әні де, тақырыбы да, сөз төсегі де, суреті де Абайдың қолынан өткенде бұрын көрмеген жаңа нәрсе болып шығады. Қайсы біреудің құлағын «шу!» дегенде тосаңсытады. Бірақ, сүйте тұра, Абай өлеңі – қазақ өлеңі, қазақ өмірінің суреті, қазақ тілімен жазылған, қазаққа түсінікті болып шығады. Ол Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты қазақша сөйлетеді, күпілі қазақты Пушкинше, Лермонтовша сөйлетеді» [2, 270].

Абайдың бүкіл шығармашылығы, тіпті оның аудармалары да, мысалы, «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегин сөзі», «Бородино», «Қараңғы түнде тау қалғып» т.б. жалпыхалыққа жақын, түсінікті бейнелермен, өткір тілді тіркестер мен афоризмдерге толы. Бұларды ақын халық ауыз әдебиетімен ауызекі сөйлеу тілінің бай сөздік қорынан алып, өзінің демократтық, ағартушылық идеяларымен гуманистік көзқарасын саралап қолданды.

Абай ұстанған бағыт-принциптердің бірі – тілдің қоғамдық қызметін дұрыс және терең түсінуі. Саяси-экономикалық, мәдени байланысқа түскен орыс халқының тілінен жеке сөздерді қабылдау – Абайға дейін де болған. Қазақта жоқ ұғымның атауын қазақшаламай-ақ орысша түрін қабылдап келді. Бұлар – ел билеуге, сауда-сатыққа қатысты сөздер ауызекі сөйлеу тілінен алды. Бұл мәселедегі Абайдық сапалық айырмасы Абай русизмдерді тікелей орыс жазба әдеби тілінен алды. Бұған Абайдың орыс тілін тікелей жақсы білумен қатар, оның орыс тіліндегі әдебиетті көп оқығаны да үлкен себеп болды. Абай *күңгірт көңіл, ұлыған ой, екінді жол, көптерше сүйінісу*, т.б. тәрізді семантикасы жағынан бір біріне жуыспайтын сөздерді тіркестіріп, орыс әдебиетінің ықпалымен жаңа тіркестер жасады.

Ақын шығармашылығын зерттеушілер аудармаларын жоғары бағалайды. Сөйлеу мәдениетіміздің қалыптасуы мен дамуында, жаңа жазба әдеби норманың қалыптасуы мен дамуында, жаңа жазба әдеби норманың қалыптасуында Абайдың көркем аударма стилі ерекше орын алады. Ақынның аудармалары – дербес ғылыми зерттеуді керек ететін мәселелердің бірі.

Абай қазақ халқының тіл мұраларына өте мұқият және шығармашылықпен қарады. Оның көптеген шығармаларынан жалпыхалықтың тілдің элементтерін әдеби тіл нормасына лайықтып қолданғанын көреміз.

Ауызекі сөйлеу тілі мен фольклор тіліне тән кейбір эпитет, теңеулерді өңдеп, жаңа сөз тіркестерін жасады. Мысалы: «Тентек өмір»

Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір,

Арттағыға бір белгі қойса нетер /215/



«Көңіл құсы»:

Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта /217/

«Өмір тоны»:

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тергіздер.
Өмір тонын кигіздер,
Жоқты бар қып жүргіздер /31/

«Талап тұлпары»:

Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді іңкәрін,
Әр қиынға сермедің /184/

Осылардағы тіркестер ауызекі сөйлеу тіліндегі сүм өмір, көңіл күйі, долы әйел, өкпе сызы т.б. сияқты дәстүрлі тіркестер үлгісімен құрылған. Ақын керек жерінде оларды өзгертпей, сол байырғы қалпында да қолдана береді.

Ақын туындыларында сонымен бірге фразеологизмдер де жиі ұшырасады. Мысалы сұрқия тіл, (жұрт біледі, күледі, сұрқия тілдің жаманың), тіл тербеу (тіл сүйек, ерінде жиек бар ма). Осындағы «тілде сүйек бар ма» тіркесі орыс тілінің әсерінен туған, өйткені қазақ тілінде «буынсыз тіл» тіркесі бар (орыс тілінде – язык без костей).

Абай шығармаларында кездесетін жалпыхалықтық тілдің элементтері болсын, не ауыз әдебиетінен алынған фразеологизмдер болсын, барлығы тілдің стильдік қызметін түрлендіріп, жалпыхалықтық қолданысына қарағанда мағыналары айқындала түседі, лесиқа-семантикалық реңкі түрленіп, икемділігі артады. Бұл ақынның шын мәнінде сөз зергері екендігінің айғағы. Мысалы: жел буаз тіркесі. Бұл Абай өлеңдерінде мақтаншақ, суайт, өтірікші т.б. мағыналарда жұмсалады.

Су жұғар ма,
Сөзді ұғар ма,
Сыпыра жылмаң жел буаз ... /166/

Немесе, «қара қылды қақ жарған» (бөлген) фразеологиялық тіркесті ақын өзінше «қара қылды қырық бөлмек» деп қолданалады, бұл жағдайда оның стильдік әсері өзгеше экспрессивтік реңк алады.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,



Наданың сүйенгені көппен дүрмек /16/

Халық арасында кең тараған «еңбегін сатпай» тіркесі бар, ақыны осыны «терін сатпай» деп қолданған:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман /25/

Абай өлеңдеріндегі жаңа тіркес пен сөз орамдары сан алуан, ақын шығармаларының қыры мен сыры мол. Абайдың қазақ жазба әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі зор. Абай өзіне дейінгі ғасырлар бойы халық арасында қалыптасып, тілдік нормалары уақыт өткен сайын айқындалып, әдеби сипат алып келе жатқан қазақ әдеби тілін әрі қарай жалғастырып, әрі дамытып, оған айтарлықтай жаңалықтар қосып, оның дамуының жаңа белесін бастайды. Академик Р. Сыздықтың сөзімен айтқанда, бір жағынан көненің жалғасы болса, екінші жағынан, жаңаның осы күнгі қазақ әдеби тілінің – бастамасы, алғашқы кезеңі.

Ауызекі сөйлеу тілі элементтерінің Абай өлеңдеріндегі көрінісі жеке сөздердің қатысуымен шектелмелмейді. Ауызекі сөйлеу нормасының қарама-қарсысында кітаби тілдік сөз ұсыну тұрады.

Р. Сыздық: «Абай тілінің негізі қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілі болғандықтан, оның лексика-фразеологиялық қазынасы тегі жағынан, ең алдымен, қазақтың төл сөздерінен, одан соң шағын мөлшерде араб-парсы және орыс сөздері қабатынан құралады. Өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық күй-жағдайына орай қазақ лексикасында болған өзгеріс-жаңалықтарды Абай тілі айқын көрсетеді» [3, 593] десе, М. Балақаев «Көркем әдебиет тілін байыту – айналып келгенде, әдеби тілді жетілдіру. Сөзді көркем әдебиетте бейнелеудің, образды ойды жеткізудің бояуы ету үшін сөзбен салған суреттің тігісі жатық болуы – ақын-жазушының сөз қолданыс шеберлігі. «Бітпейді іштегі ғашықтық жарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» (Абай) сияқты көркем үлгілер – ерекше сөз қолданыстар.

Ауылдың жаны - терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп...

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,

Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек... (Абай)

сияқтыларды жазба әдебиетінің көркем үлгілері дейміз» деп тұжырымдайды [4, 399].



Қорыта келе, А. Байтұрсыновша айтсақ, «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған» [1, 301]. Абай шығармаларында халық ауыз әдебиетінен пайдаланған сөз, сөйлемдер, мақал-мәтелдер көп кездеседі. Оларды Абайдың пайдалануы екі түрлі: біріншіден, халықта қалай айтылса, сол қалпында өзгертпей қолданады, екіншіден, ел аузындағы қолданыстарға жаңаша мазмұн береді. Абай шығармаларын өз дәуірі үшін ғана емес, келешек ұрпақ үшін де жазды. Абай шығармалары болашақ ұрпақ үшін де құнды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / А. Байтұрсынов.; құраст. Ә. Шәріпов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
3. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі - Казахский литературный язык. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 472 б.
5. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
6. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
7. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
8. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajlpcentralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
9. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
10. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

